



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 9 (159), 2021
Қыркүйек
Сентябрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. Сулейменова

Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін бейнелік көркем суреттер арқылы дамыту 3

Р. Оразаева

Бастауыш сыныптарда интерактивті оқыту әдістерін пайдалану..... 5

Ж. Турсынбаева

Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін арттыруда тренинг жаттығуларын қолдану 8

Ж. Касиенова

Тарихи деректермен жұмыс ерекшеліктері 11

Е. Филиппова

Исследовательская деятельность школьников как средство развития их интеллектуального и творческого потенциала 14

С. Казкен

Развитие функциональной грамотности младших школьников на уроках математики..... 17

Ә. Аипова

Репортаж және оның түрлері..... 21

М. Лапина

Изучение самопознания – расстановка верных жизненных приоритетов..... 25

Т. Батюта

Музыка и изобразительное искусство 26

Ж. Такисова

Красота и труд вместе идут..... 29

Б. Урахова

Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» әңгімесі..... 32

Ә. Боранқұлова

Спорттық отбасы 37

А. Байбулатова

Sightseeing of the USA 39

A. Bulegenova

Learners read non-fiction books in Kazakh, English, Russian languages 41

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
10.09.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информаций РК. Свидетельство №10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 10.09.2020 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін бейнелік көркем суреттер арқылы дамыту



**Гульнар Жексенқызы
СУЛЕЙМЕНОВА,
«Zerdesht» зияткерлік
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.
Бостандық ауданы,
Алматы қаласы.**

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау, интеллектін байыту» - деп атап көрсетеді.

Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір пән оқушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғы шарт жасауы қажет деген қағида берік орнықты.

Шығармашылық қабілеттің дамуы әр қилы шығармашылық әрекет барысында жүзеге асады. Оқушының шығармашылық әрекеті — оның мұғаліммен бірлесе отырып, білім үрдісіндегі

материалдық және рухани мәдени объектілерін жаңаша сапалық тұрғыдан тануға, жасауға, өзгертуге бағытталған әрекетінің өнімді түрі. Қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары — оқушының іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденісінің жемісі, білімінің көрінісі.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды — тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, өйткені шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде жеке тұлға өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсендіруге дайын, бәсекеге қабілетті, білімді, жан-жақты болу үшін алдымен оның тілін дамыту керек. Адам мәдениетіндегі өте күрделі көрсеткіштердің бірі — оның тілі болып табылады.

Тіл дамыту жұмысы — күрделі де шығармашылық процесс. Тілін дамыту ең бірінші кезекте баланың өмірден туатын қажеттілікті, өз сұранысын айтуға талпынуынан туады. Тіл байлығының мол болуы бір жағынан балада жаңа құбылыс, көрініс, ұғымдар мен түсініктердің көбеюіне, ал екінші жағынан,



тілді жан-жақты меңгеруіне байланысты. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады. Тіл дамытудың негізгі көрсеткіштері:

1. Өз ойын жүйелі түрде еркін жеткізе білу;

2. Қазақ әдеби тіл нормасына сай сөйлей білу;

3. Байланыстырып бейнелі сөйлей білу;

4. Мазмұндылығы, анықтығы, мәнерлілігі;

5. Грамматикалық, орфографиялық қатесіздігі.

Оқушылардың тілдік, сөздік қорларын дамытып, олардың белсенді қызығушылығын арттыра түсу үшін, сабақта және сабақтан тыс уақытта әр түрлі әдіс тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;

2. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (сөзжұмбақ, анаграмма, құрастырмалы ойындар, т.б.);

3. Берілген тапсырманы түрлендіру (мәтін мазмұнын өңдеу, шағын әңгіме құру, шығарма жазу, т.б.);

Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту;

4. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру;

5. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау;

6. Балаларға арналған журналдарды сабақта пайдалану;

7. Әрбір оқылып отырған шығарманың авторы туралы мағлұмат жинау;

8. Мұражайға бару;

9. Әр түрлі кездесулер өткізу.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу

оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілетінің көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Әрине, жұмыс нәтижелі болу үшін бұл әдістерді тұрақты түрде және жиі қолданып отыру қажет.

«Тілі дамымаған адамның ойы да дамымайды» деген халқымыз. Оқушыны сөзді көп біліп, көп үйреніп, көп білуге үйрету қажет. Демек, мәдени, шебер ауызекі сөйлеу үлгісін жазу, жазба тілдің негізін салады. Пайдалы, өнегелі кітаптарды оқуға бағыт беру қажет. Сөз байлығының аздығы, оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі, ықшамды етіп жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта өздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып, кеңітсе, екіншіден, үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді, үшіншіден, сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді.

Тіл дамыту жұмысында күнделік жаздырудың да үлкен маңызы бар. Оқушыға пікір жаздыру үшін оқыған кітабының авторы, аты, кейіпкерлері, оқиға не туралы, қай кезде болған, кітаптың тілі, ондағы мақал-мәтелдерді жинастыру, қолданудағы ерекшелік, кітапқа оқушының көзқарасы т.б. мәселелер қамтылады. Пікір жазу арқылы оқушының ой-өрісін дамытады, тілі жаттығады, сөздік қорлары молайады. Мұндай жұмыс түрлері мазмұндама, шығарма жазуға дайындайды.

Сонымен, оқушыға ауызша және жазбаша жұмыстар жүргізе отырып тіл дамыту арқылы ойын да дамытамыз. Жүйелі ойлауын қалыптастырамыз.



Бастауыш сыныптарда интерактивті оқыту әдістерін пайдалану

Әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдылықтарды белгілеу мақсатында «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» жасалып, білім беру жүйесінің жаңа талаптарға сай болуы қажет екендігін көрсетті.


Қазақстан Республикасында жеке тұлғаны әлеуметтендірудің стратегиялық бағыты жаңаша әрі шығармашылықпен ойлайтын, өміртану мәдениеті дамыған жаңа адамды қалыптастыруды алға тартып отыр. (Бұл идея қолданыстағы нормативтік құқықтық құжаттардан көрініс тапқан. Олар «Қазақстан-2030» стратегиясы, т.б.) «XXI ғ. мектебі Білім реформасындағы басымдықтар» деген кітабында американ педагогы Филлип С. Шлехти көптеген бизнесмендерден, жұмыс берушілерден «Білім беру мекемелерінен қандай адамдар тәрбиеленіп шыққанын қалайсыңдар?» деп сұрағанда «Бізге өз бетінше оқи алатын адамдар қажет» деген жауап алған екен. Мектеп бағдарламасын жақсы меңгеріп, кейін жоғары оқу орнын бітіріп, диплом иесі бол-

са да, кейбір оқушылар ақпаратпен өз бетінше жұмыс жасай алмайды. Қазіргі қоғам:

- Аяқ асты пайда болған жағдайға ұтымды талдау жасауға қабілетті тұлға;
- Қалыптасқан жағдайдың даму үрдісінің түрлі үлгісін құра алатын маман;
- Қоғам үшін оның нәтижелі жолын айқындай алатын қайраткер қажет етеді.

Бұл қасиеттер оқушыларда өзіндік танымдық қызметін жүйелі түрде қосу барысында қалыптасады, яғни оқытудың ерекше түрі — интерактивті оқыту технологиясын қолдану арқасында жүзеге асыруға болады. «Интерактив» деген сөз ағылшынның *inter act* (*inter* — өзара, *act* — әрекет ету) деген сөзінен шыққан. Яғни интеракция — жеке индивидтердің, топтық, жұптық өзара біріккен әрекетте бір-біріне алма-кезек әсер етуі.

Интерактивті әдістер — өмірлік дағдыны қалыптастырудың тетігі. Оны төмендегі жүйе сипаттайды:





Қазіргі заманғы оқыту технологияларын меңгеру — күрделі де ұзақ үрдіс. Ол мұғалімнен оқытудың үйреншікті әдіс-тәсілдерінен арылуды талап етеді. Жаңа оқыту технологияларының 56-дан астам әдіс-тәсілдері қолданылуда.



Негізгі мақсаты — оқушыны өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту.

Оқушы шығармашылығы дегеніміз — ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бір ізділіктен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп өзін-өзі дамытатын белсенді еңбек. Осындай еңбек білім игеруде, оқуда, оқи білуде тәрбиелеу, білім беру үрдісінің негізіне айналса, баланың жан-жақты дамып, шығармашыл адам болып жетілуінің дінгегі болар еді.

Жаңа технологияны дұрыс жобалап жүргізгеннен кейін, оқу үрдісі төмендегі мақсатқа жетуі тиіс:

Оқушыны илеуге көне қоятын объект деп қарамай, табиғат берген қасиетін, күш-қуатын шыңдайтын, қабілетін дамытатын жеке тұлға деп мойындау


• Жеке тұлғаның мемле-

кеттік және жергілікті жердің мүддесін ұштастыруы.

• Толық немесе жартылай дербестік мақсатқа жету жолдарын іздеу және іріктеп алу.

• Мақсатқа жету үрдісі кезінде жаңа нәтиже тудыру, қиялдау, болжамдар құру, логикалық ойлау.

Бастауыш сыныпта интерактивті әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, нәтижеге бағдарланған оқытуды ұйымдастыру үшін мұғалім мына міндеттерді іске асыру керек:





Бастауыш саты оқушының жас ерекшеліктеріне сай таным мүмкіндіктерін және оқыту мақсатының оқушы тұлғасын тәрбиелеуге бағдарланатынын ескерсек, онда бұл сатыда оқылатын пәндерді ғылымдар негіздері түрінде құруға болмайтындығы түсінікті, мұнда негізінен оқушыда мәдениеттің базистік қырларын қалыптастыру бірінші орынға шығады. Осыған орай білім мазмұнымен өз тәжірибемде Л.В. Занковтың В.В. Давыдовтың Дамыта оқыту технологиясын, сын тұрғысынан ойлау, ойын арқылы оқыту әдістерін жиі қолданамын.

Бастауыш саты баласының негізгі іс-әрекеті — ойын. Бала ойын үстінде өзін-өзі жеңуге дағдыланып, шынайы қанағат сезіміне бөленеді. Бала өміріндегі ойынның алатын орны туралы М. Жұмабаев: «Ойын — бала үшін өмірлік тәжірибе. Ойынды баланың тілін дамыту үшін де пайдалану керек» деп ойынның, қызықты жаттығудың балалардың оқу әрекетін жандандырып, оқуға деген ынтасын арттыратын маңызды құрал екенін атап көрсеткен. Әр сабақта дидактикалық ойындар, грамматикалық ойындар, жарыс ойындар, логикалық ойындарды жиі қолданамын.

Ана тілі және Дүниетану сабақтарында СТО әдістері қолданамын. «Бес жолды өлен», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «Ассоциация», «JNSERT», сияқты стратегияларды әр сабақтың ерекшеліктеріне байланысты қолданып отырамын.

Қорыта келгенде бастауыш сыныпта оқушыларға сапалы білім, саналы тәрбие беру үшін мұғалім өз жұмыстарының әдістерін, оқыту технологияларын жиі жаңартып, педагогикалық процесте жаңалықты қолданушы, таратушы болуы қажет.

Мұғалімнің инновациялық әрекеттері:

- Бастауыш сынып оқушысының интеллектуалдық мүмкіндігіне орай, шығармашылық әрекетін қалыптастыруда субъект мен субъектінің қарым-қатынасын бекіту;

- Инновациялық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді пайдалану мүмкіндігі мен оның нәтижесінің оқушыларды дамытудағы тиімділігі;

- Мұғалімнің шығармашылық ойлауы, тұлғалық мүмкіндігі, жаңашылдығы, инновациялық әрекеттің субъектісі болу қажеттілігі.

Педагогикалық талаптар:

- Педагогтар мен балалардың өзара әрекетінің жеке тұлғаға бағдарлануы;

- Бірінші сыныпта оқыту үрдісін ұйымдастыру кезінде ойындарды сабақтың тақырыбы мен мақсатына қарай қолдана біліп, сабақты ойын түрінде өткізу;

- Әрбір оқушыға іс-әрекет түрлерін және оған сәйкес жұпты немесе топты таңдау мүмкіндігін беру;

- Педагогикалық бағалауды оқушы жетістігіне қатысты мәліметті ескеріп, парт-фолио құру;

- Оқушының тұлғалық, жеке бастық, эмоционалды сезімдік, эстетикалық дамуында оның даралығын сақтауға ықпал ететін білім алу ортасын құру;

- Бала дамуының аса маңызды факторы ретінде жетекші іс-әрекетті қалыптастыру;

- Зерттеушілік шығармашылық іс-әрекеттің, белсенділіктің бірлескен және дербес түрін пайдалану.

Мектептегі сан салалы жұмыстың құйылатын арнасы білімнің сапасы екені даусыз. Ал білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты болмақ.

Раушан Тұрсынқызы ОРАЗАЕВА,
Т. Аманов атындағы №16 жалпы орта
білім беретін
мектептің бастауыш сынып мұғалімі.
Семей қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.



Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін арттыруда тренинг жаттығуларын қолдану

Қазіргі әлемдік ауқымды қайта құрулар, жедел ақпараттандыру, білім саласындағы өзгерістер адамзат қоғамы алдында білім сапасын арттыру қажеттілігін туындататыны анық. Оқу үрдісінің тиімділігін арттыруда жаңа технологияларды қолдану орын алған.

Бұл оқушының логикалық, шығармашылық потенциалын арттыру, жас ұрпақты жаңа қоғам жағдайына өмір сүруіне дайындау мақсатымен ұштасып жатыр. Қазіргі кезде білім беруді ақпараттандыру процесі жүргізілуде.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жана заман талабы жеке тұлғаны дамыту мен танымдық ауқымын кеңейту деңгейінде әр түрлі технологияларды және әдістерді қолдануды қажет етеді.

Сондықтан бастауыш сыныпта ақпараттық технологияны қолдану арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыру үшін қолданылатын тренингтік жаттығулардың да орны ерекше деп ойлаймын. Себебі, мектепке жаңа келген бүлдіршін қабілеттерін арттыру, білімге қызығушылығын шығармашыл деңгейге көтеру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту — бастауыш сынып мұғалімдерінің атқаратын жұмыстарының бірі. Өйткені, бастауыш сатыдағы кезең — оқушы іс-әрекетінің қалыпта-

суының өте ыңғайлы кезеңі. В. Давыдовтың «Бастауыш сынып оқушысының психологиялық даму» еңбегінде: «Оқыту үрдісіндегі оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру өзіндік мақсат емес, ол — белсенді тұлғаны тәрбиелеу құралдарының бірі» делінген.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау қабілеттерін арттыруда тренингтік жаттығуларды қолдану мақсаты оқушылардың қисынды ойлауын дамытумен қатар, оларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулуды көздеме. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар мен жаттығулар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар мен жаттығулар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үш негізгі бағытта іске асырылады:

1. Қызығушылығын арттыру;
2. Ойлау және қабылдау қабілетін дамыту;
3. Шығармашылық ізденісін дамыту.

Оқушының логикалық ойлауы ой әрекетінде, білімді меңгеру, тіл үйрену үстінде дамиды. Оқушылардың ақыл-ой белсенділігін өрістетуге олардың тұлғаретінде жетілуінің маңызды саласы болып табылады. Сондықтан оқушылар-



дың шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында ойлау операцияларын жүзеге асыру тәсілдеріне үйрету қажет. Оқушылардың ойлауын дамыту ойлау операцияларын меңгеруіне байланысты. Ендеше, оқушыларға тапсырмалар бергенде таңдауға, жинақтауға, салыстыруға, топтауға арналған тапсырмалар логикалық ойлауын дамытатындай болуы керек.

Мысалы, сөздік-логикалық ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі:

«Артығын анықта» әдістемесі. Баланың маңызды бөліктерді бөліп көрсету, жалпылай білу дағдысын көрсетеді. Бұл әдістемені қазақ тілі, дүниетану сабақтарында бекіту, қайталау кезеңдерінде қолдануға болады.

Тапсырманы сурет не заттай немесе жазбаша түрде ұсынуға болады.

Атап айтсақ,

«Сөз таптарын» өткенде

Балық, қоян, қызыл, тас

(Жауабы: қызыл — сын есім. Өйткені, балық, қоян, тас — зат есім)

Жүгірді, жылады, бала, ұшты

(Жауабы: бала — зат есім. Өйткені, қалғаны — етістік).

Дүниетану сабағында:

1. Қызғалдақ, сарғалдақ, бидай, бәйшешек, раушангүл.

2. Емен, қарағай, қайың, жусан, терек.

3. Жылқы, сиыр, түлкі, түйе, қой.

Бұл тапсырманы анаграмма түрінде де қолдануға болады. Мысалы,

Амал (алма)

Ларұмт (алмұрт)

Арна (анар)

Рабқзы (қарбыз)

Ойлаудың талдау және жинақтау операцияларын дамыту үшін «Жинақтау» әдістемесі тиімді. Ұсынылған сөздерді жалпылайтын сөз немесе сөз тіркесін атау:

1. Қазан, қараша -

2. Сазан, шортан -

3. Жаз, күз -

4. Емен, қайың -

5. Қияр, қызанақ -

6. Құмырсқа, қоңыз -

7. Шкаф, диван -

8. Ағаш, гүл -

9. Балта, балға -

10. Қасқыр, түлкі -

Сонымен қатар ойлау әрекетін дамытатын тәсілдерді ойын түрінде қолдануға болады. Мысалы, «Керісінше айт» ойыны. Бұл ойында қарама-қарсы мағыналы сөздерді өткенде пайдалану тиімді. Мысалы, толық — жіңішке, кара — ақ, ыстық — суық, бос — толы, т.б.

«Ұқсастық пен айырмашылық». Оқушыларға әртүрлі заттар мен ұғымдарды салыстыру ұсынылады. Бастауыш сынып оқушыларына өздеріне таныс заттар: сүт пен су, сиыр мен жылқы, ұшақ пен поезд (сурет түрінде ұсынуға болады). Ересек балаларға тапсырманы күрделі түрде: таң мен кеш, табандылық пен қыңырлық, т.б. Дұрыс жауаптар, қателіктер, ұқсастық пен айырмашылық ара қатынасы, басым белгілер, т.б. айқындалады.

«Басқа қырынан таны». Белгілі бір заттың басқа қырын ашу.



Мысалы, сіріңке тек жанып, жарқырап қана қоймай, пішіні мен салмағы жағынан кішірейеді. Оқушыларға қарапайым заттардың: полиэтилен қақпақ, пенопласт, т.б. ерекше қасиеттерін ашу, анықтау ұсынылады. Ерекше жауаптар ескеріледі және ұсынымдарды талдауға да, пікірталас ұйымдастыруға да болады. «Ұқсастықтар іздеу». Белгілі бір зат немесе құбылыс айтылады, мысалы, «тікұшақ». Әр түрлі нақты белгілер бойынша тікұшаққа ұқсас заттарды жазу. Ұқсас заттарды қасиетіне қарай топтап жазуға да болады. Мысалы, «құс», «көбелек» (ұшады, қонады), «автобус», «поезд» (көлік), т.б. Бұл тапсырма заттардың қасиеттерін анықтау, оларды белгілер бойынша жіктеуге арналған.

«Заттың қолдану тәсілдері». Жақсы танымал бір сөз беріледі, мысалы: «кітап». Заттың қалыптан тыс неғұрлым көп қолдану аясын айту керек. Кітапты оқиды, бір нәрсенің астына қоюға болады, қажетті қағаздарды көзден таса зат ретінде жасыру мақсатында қолдануға болады, т.с.с. сондай-ақ, тіс щеткасы, тоқыма сымы, т.б. ұсынуға болады.

«Заттардың қасиеті». Жүргізуші: «бұл доп «апельсин». Қазір біздер допты бір-бірімізге лақтырып, оның қандай апельсин екендігін атаймыз». Аталған сапаларды қайталауға болмайды. «Сөйлем құра». Өзара байланыспайтын 3 сөз алынады. Мысалы, «көл», «қарындаш», «аю». Осы сөздерден сөйлем құрау қажет. Жауап қарапайым (Аю көлге қарындашын түсіріп алды)

немесе күрделі (Бала қолына қарындаш алып, көлде шомылып жатқан аю суретін салды) болуы мүмкін. Сонынан ұнаған жауаптар талданады. Шығармашылықпен жазылған сөйлемдер мадақталады. «Артық сөзді тап». Кез келген 3 сөз беріледі. Осы сияқты әр түрлі жаттығуларды мұғалім ретін тауып оқу үрдісінде қолдана білсе, оқыту түрленеді, оның тиімділігі артады, оқушылардың ақыл-ойы жетіле түседі. Оқушыларға тапсырманы біртіндеп күрделендіре түссе, сонда логикалық ойлау қабілеттері қалыптаса бастайды. Осындай психологиялық тәсілдерді қолдана отырып, тренингтік жаттығулар орындату барысында оқушылардың пәнге қызығушылығы артады, ой-өрісі дамиды, шығармашылық пен дарындылық пайда болады. Қорыта айтсам, оқу-тәрбие үрдісінде оқушылардың ойлау процестерін дамыту үшін жоғарыда ұсынылған тренингтік жаттығуларды ұйымдастыру қажет. Сондай-ақ, тренингтік жаттығулар оқушы білімінің деңгейін көтеріп қана қоймай, бір-бірімен жақындастырып, достыққа, адамгершілікке, еңбекке тәрбиелейді; жүйелі ойлап сөйлеуге, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға жетелейді.

**Жазира Бақытжановна
ТУРСЫНБАЕВА,
Дубовка жалпы білім беретін мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Абай ауданы,
Қарағанды облысы.**



Тарихи деректермен жұмыс ерекшеліктері

Тарихи зерттеу оқушыдан әр түрлі деректермен жұмыс жасауды қажет етеді. Тарихи деректерді қолдану арқылы оқушылар тарихи контекстінде оқиғаларды талдауға және бағалауға мүмкіндік алады. Деректерді тиімді түрде қолдану **«көзге көрінетін ақпарат шегінен» шығуды** және сәйкесінше қорытындыларды шығаруды көздейді.

Сонымен қатар белгілі бір дереккөздерді зерттеу үлкен тәрбиелік мәнге ие, өйткені оқушылар бұрынғы немесе қазіргі заманның шынайы құжаттарды, артефактерді зерттей отырып, әртүрлі сезімдерді сезінеді. Осындай жұмыс арқылы оқушылардың бойында әмбебап құндылықтар қалыптасады.

Оқушыларға сабақта тарихи дереккөздермен жұмыс істеуді ұсына отырып, оқушылардың ақпаратты талдау және синтездеу үшін тарихи құжаттарды дұрыс қолдана алмауы мәселесі анықталды. Сонымен қатар қазіргі уақытта студенттер кітаптарды оқуға назар аудармайды. Сондықтан оқу сауаттылығы төмендеді. PISA халықаралық емтиханының нәтижелері оқу

сауаттылығының төмендегенін айқындады. Тарих сабақтарындағы оқу сауаттылығын тарихи дереккөздермен жұмыс арқылы дамытуға болады. Бұл жұмыс оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына да оң әсерін тигізеді, өйткені тарихи дереккөздерді талдау негізінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдылары дамиды.

Зерттеу мақсаты: тарихи деректермен жұмыс жолдарын анықтау.

Зерттеу сұрақтары:

1. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктері тарихи дереккөздерді түсінуге және қолдануға қалай әсер етеді?

2. Тарихи деректермен жұмыс бойынша тиімді жолдары қандай?

Сабақтарда оқушылар әртүрлі деңгейде тарихи деректердегі ақпаратты қабылдайды. Сондықтан оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау мақсатында психолог мамандар диагностика жұмысын ұйымдастырды. Диагностика нәтижесінде оқушылардың деректерді қабылдау ерекшеліктері анықталды.

Оқушылар	Тип	Ақпаратты қабылдау ерекшеліктері	Тарихи деректерді қолдану мүмкіндіктері
А оқушы	Визуал	Оқу материалдарын көрген кезде жақсы түсінеді. Олар мәтінде, тарихи картада, бейнероликте берілген материалды жақсы қабылдайды.	Тарихи құжаттар, иллюстрация, тарихи карталарды қолдану.
В оқушы	Аудиал	Оқу материалдарын тыңдаған кезде жақсы түсінеді. Олар аудио материалды және ауызша айтылған мәліметтерді жақсы қабылдайды.	Аудио жазбаларды тыңдау, негізгі ақпаратты түсініп, қолдану.



С оқушы	Кинестет	Олар археологиялық деректермен жақсы жұмыс жасай алады, өйткені кинестеттер үшін бәрін түртіп, ұстап көру, иісін сезу және зерттелетін затты толық сезіну маңызды.	Артефакт және археологиялық деректер арқылы ақпаратты түсіну және қабылдау.
Д оқушы	Дигитал	Олар құрылымдық-логикалық схемалар, тірек-сызбаларда берілген ақпаратты жақсы қабылдайды.	Статистикалық мәліметтер, диаграмма, құрылымдық-логикалық схемалармен арқылы ақпаратты қабылдау.

Жүргізілген диагностика нәтижелерін ескере отырып, сабақта оқушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сай тарихи деректер ұсынылған болатын. Оқушылар берілген деректерді жақсы түсініп, қабылдай алды. Бұл жұмыс арқылы студенттер негізгі ақпаратты ажыратып, фактілерді жинақтап, талдау мен бағалау кезінде тиімді пайдаланды.

Келесі қадам тарихи деректермен жұмыс жасау бойынша тиімді жолдарын анықтауға бағытталған болатын. Әдебиетке шолу жасау нәтижесінде сабақтарда әр түрлі деректермен жұмыс бойынша әдістер қолданылды. Мысалы, оқушылар деректермен таңысқаннан кейін жабық және ашық сұрақтарға жауап берді:

1. Бұл қандай дерек түріне жатады?
2. Ол бізге қандай ақпарат береді?
3. Деректе қандай кілтті сөздер бар және олар қандай мағынаны білдіреді?
4. Деректегі ақпаратты жинақтап, тұжырымдаңыз.
5. Деректегі ақпараттың құндылығы неде?

Жазбаша деректерге қойылатын сұрақтар:

1. Берілген деректі кім жазуы мүмкін?
2. Бұл дерек қайда және қашан жа-

зылған?

3. Неліктен жазылды?

4. Қандай аудитория үшін жазылды? Бұл аудитория жайлы сіздер не білесіңдер?

Бұл сұрақтар арқылы оқушылар деректегі негізгі ақпаратты анықтап, қорытынды жасауға мүмкіндік алды. Оқушылардың деректерді талдау дағдыларын даму мақсатында HIPP формула берілген болатын.

- **H** — Historical context — Тарихи контекст.
- **I** — Intended audience — Арнаулы аудитория.
- **P** — Point of view (author's) — Автордың ой-пікірі, көзқарасы.
- **P** — Purpose (author's) — Автордың мақсаты.

Тарихи дереккөзді талдауда осы формуланы қолдана отырып, оқушылар өздеріне сұрақ қою мүмкін: бұл ақпарат менің пікірімді қалай растайды немесе жоққа шығарады?

Осы әдіс негізінде оқушылардың ойлау және талдау дағдылары дамиды, өйткені тарихи шеңберінде болған оқиғаларды анықтап, қорытынды жасай алады.

Әрине, құжаттармен жұмыс істеу студенттерге белгілі бір дағдыларды қалыптастыруға әкелуі керек. Сонымен,



5-6 сынып оқушылары тарихи құжаттармен жұмыс істеу кезінде:

- * Құжат түрін анықтау.
- * Құжатты жазу уақытын немесе тарихи дәуірді анықтау.
- * Авторды (мүмкін болса) немесе болжамды автордың әлеуметтік топқа жататын анықтау.
- * Бірнеше құжаттарды хронологиялық ретпен орналастыру.
- * Мұғалімнің жеке сұрақтары бойынша құжаттармен жұмыс істеу.
- * Құжатқа нақты сұрақтар қою.
- * Құжаттың мазмұнын қайталау.
- * Бір немесе бірнеше тарихи құжаттарда қажетті ақпаратты іздеу.
- * Пікірді қолдау немесе сынға салу үшін бірқатар деректерді қолдану.

7-8 сынып оқушылардың жұмысы терең аналитикалық сипатты білдіреді. Осы сыныптардың оқушылары:

- * Терең аналитикалық сипаттағы құжаттарға сұрақтар құрастыру.
- * Ұсынылған жоспар бойынша құжатты талдау.
- * Тарихи жағдай контекстінде құжатты талдау.
- * Тарихи деректерді зерттеу арқылы қойылған сұрақтарға жауап беру.
- * Деректі оқу барысында «көзге түсетін ақпарат шегінен» шығу және тарихи сұраққа жауап беруге және белгілі бір нәтижеге келуге мүмкіндік беретін қорытындыларды шығару.
- * Алғышарттарын, аудиториясы мен негізгі міндетін ескере отырып, қорытындыларды шығару үшін деректерді тұжырымдау.

Негізгі мектеп түлегінің қызметі құжаттармен жұмыстың шығармашылық сипатын қарастырады. Білім алушылар істей білуі тиіс:

* Оқу мәселесін өз бетінше шешу үшін бірнеше құжаттардан қажетті материалды таңдау.

* Тарихи құжатты басқа тарихи дереккөздермен салыстыру.

* Бір оқиғаға қатысты әр түрлі көзқарастарды көрсететін тарихи құжаттарды салыстыру.

* Тарихи құжатта көрсетілген оқиғалар мен фактілердің себеп-салдарлық байланысын анықтау.

* Бірнеше тарихи құжаттардан қажетті ақпаратты алу, жинақтау және талдау.

* Бірнеше тарихи құжаттарды талдау нәтижесінде алынған ақпаратпен еркін жұмыс істеу.

* Негізгі қорытындыларды қолдау мақсатында тарихи деректерді олардың контексті, аудиториясы мен міндеттері аясында бағалау.

Тарихты оқытуда тарихи құжаттарды қолдану мұғалімге жаңа тақырыптарды зерттеуде сабақта оқушылардың өз бетімен жұмыс жүргізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оқушының өзі қажетті ақпаратты алуға және оны талдауға үйренеді. Мұғалім осы әдістерді қолдана отырып, оқушыға тарихи оқиғалардың дүниетанымдық мәселелерін түсінуге, зерттелетін материалды салыстыруға және қажетті тұжырымдарға өз бетінше келуге көмектеседі. Тарихи деректермен жұмыс жасау нәтижесінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау, талдау және бағалау дағдылары дамиды.

Жанара Бериковна КАСИЕНОВА,
Химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
тарих пәнінің мұғалімі.
Петропавл қаласы,
Солтүстік Қазақстан облысы.



Исследовательская деятельность школьников как средство развития их интеллектуального и творческого потенциала

Происходящие изменения в обществе требуют развития новых способов образования, педагогических технологий, имеющих дело с индивидуальным развитием личности, творческой инициативой и одаренностью обучающихся, а это требует внедрения в образовательный процесс альтернативных форм и способов образовательной деятельности.

В концепции модернизации казахстанского образования делается акцент на развитие исследовательских способностей школьников, индивидуализацию их образования с учетом интересов и склонностей к творческой деятельности. Планирование и организацию учебно-воспитательного процесса необходимо осуществлять не только с точки зрения педагога, но и с точки зрения активной, в максимальной степени самостоятельной познавательной деятельности школьника. В последнее время как противовес репродуктивному обучению активно стало возрождаться и развиваться такое направление образовательной технологии как учебно-исследовательская деятельность, которое позволяет стимулировать интеллектуальную активность, а вместе с ней и учебную деятельность.

Организация исследовательской работы в школе создает условия для развития познавательной активности учащихся, выявления одаренных детей, способствует формированию их творческих способностей, логического мышления, научного мировоззрения. Школьники учатся работать с научной литературой и другими источниками информации, осуществлять ее поиск. Происходит корректировка умений работы над рефератами, докладами, прививаются навыки публичного выступления, тем самым создаются условия для саморазвития, самореализации, самовыражения личности учащегося. Именно поэтому, сегодня актуален опыт работы творческих, инициативных педагогов, которые ищут и находят оригинальные формы и методы, чтобы заинтересовать детей познанием нового, умело создают ситуацию вынужденного поиска разрешения поставленной задачи, вырабатывают привычку учиться ежедневно и получать от этого удовольствие, работают над формированием общеучебных умений и навыков. Мы представляем опыт по организации научно-исследовательской деятельности учащихся в школе-лицее №4 города Рудного. Так как наша шко-



ла является инновационным учебным заведением, то исследовательская составляющая образовательного процесса является обязательной для всех учителей и осуществляется как на уроках, так и во внеурочной деятельности. Наличие творческих, инициативных, стремящихся ко всему новому и неизведанному педагогов— обязательное условие успешной реализации научно-исследовательской деятельности

учащихся. И таких педагогов у нас немало. Это, прежде всего, руководители школьного научного общества Кучина О.В., Дмитриева О.В., а так же Конова Л.Н., Рудова Г.Н., Бельская Н.А., Кулик О.М., Нурадинова Л.М., Буглова Н.П., Борисенко Н.М. и многие другие.

В нашей школе данный вид работы активизировался после обретения статуса школы-лицея, хотя научное общество учащихся «Прометей» успешно функционирует более 15 лет. Оно объединяет около 70 учащихся 2-11 классов, желающих заниматься как исследовательской работой, так и научной (подготовкой к олимпиадам). Количество ребят, желающих проявить и развить свои неординарные способности, с каждым годом растёт, как и число педагогов, работающих с ними. Цель деятельности НОУ «Прометей»:





формирование и развитие образованной, творческой, компетентной и конкурентноспособной личности, готовой к самоактуализации и самореализации как в собственных интересах, так и в интересах общества. Задачами деятельности НОУ являются:

- *выявление и поддержка учащихся, склонных к занятию исследовательской деятельностью;*
- *развитие интеллектуальных, творческих способностей учащихся, поддержка научно-исследовательской работы в школе-лицее;*
- *формирование и развитие у учащихся навыков исследовательской работы;*
- *развитие личности, способной к самоактуализации, самореализации, самоутверждению в постоянно изменяющихся социокультурных условиях, содействие в профессиональной ориентации;*
- *привлечение учащихся к выполнению посильной для них научной и творческой деятельности.*

Организация работы НОУ опирается на факторы успешности деятельности обучающихся:

- *соблюдение принципа добровольности занятий в определенном виде работы;*
- *максимальная самостоятельность ученика в исследовательской и творческой деятельности;*
- *компетентное и заинтересованное руководство педагога ученической работой;*
- *уважительное отношение к исследовательской деятельности обучающихся их родителей и педагогов школы-лицея, осознание обучающимися значимости и*

полезности выполняемой ими работы.

Основные направления деятельности НОУ отражены в Положении о НОУ «Прометей». Его работа неразрывно связана и опирается на функционирование городского научного общества учащихся. Традиционным стало ежегодное участие исследовательских работ в конференциях различного уровня. На городской этап соревнований научных проектов школьников были заявлены 11 работ учащихся 3-10 классов. Наши ребята были на высоте и завоевали 9 призовых мест: 3 из них в конкурсе «Зерде», 6 – на соревнованиях среди старшеклассников.

Фото призёров соревнований научных проектов и конкурса «Зерде» вместе с руководителями.

Можно определить некоторые правила, которые помогают воспитывать победителя в конкурсах, конференциях:

- Найти, заметить будущую «звезду». Ребенок должен быть интеллектуалом, выделяться из общей массы учеников.
- Ученик должен верить в свои силы, сам сознательно стремиться пройти через трудности.
- Ученик должен владеть фактическим материалом по выбранному предмету.
- Ученик и учитель любят предмет, тогда им суждено встретиться и победить (на наш взгляд самое главное условие).

Для решения этих задач важное значение имеет личность самого учителя. Невозможно научить тому, что сам плохо знаешь. Вопрос повыше-



ния уровня профессионализма всегда стоял, и будет стоять на повестке дня администрации школы-лицея №4. Только за последние 3 года обучились на различных курсах 65 (или 76 %) педагогов школы-лицея, что, естественно, положительно отражается на качестве всего образовательного процесса в целом, и исследовательской работы в частности.

Философ, просветитель Софокл говорил: «Великие дела не делаются вдруг». Чтобы достичь высоких результатов, повысить качество обучения, научить ребенка основам познания мира, нужна долгая, кропотливая, совместная работа учителя, ученика и родителей. А педагогический коллектив

КГУ «Школа-лицей №4» знают пути повышения ценности образования и интереса детей к обучению, которые состоят не только в создании образцов новой школьной практики, адекватной современной культуре в высокотехнологичном, конкурентном мире, но и в высоком профессионализме педагогов.

**Елена Васильевна
ФИЛИППОВА,**
заместитель директора по НМР
КГУ «Школа-лицей №4 акимата города
Рудного».
Костанайская область.



Развитие функциональной грамотности младших школьников на уроках математики

В настоящее время происходит изменение системы образования, которое ориентировано на вхождение в мировое образовательное пространство. В связи с этим школа должна поставить для себя главную задачу: научить детей жить в динамичном, меняющемся мире. На сегодняшний день в современном образовании все чаще говорят о функциональной грамотности школьников. Основы грамотности закладываются в начальной школе, где идет интенсивное обучение различным видам речевой деятельности — письму,

чтению, рассказыванию, слушанию, счету, поэтому развитие обще учебных умений (организационных, интеллектуальных, коммуникативных и оценочных) — это путь к функционально грамотной личности.

Работая с детьми в начальной школе, я придаю особое значение формированию у учащихся логической грамотности. Основным средством ее формирования являются уроки математики. Главной задачей этих занятий является — интеллектуальное развитие ребенка и важная его составляющая — словес-



но-логическое мышление. Основная работа для развития данного вида

мышления должна вестись с задачами. Ведь в любой задаче заложены большие возможности для развития логического мышления. Нестандартные логические задачи — отличный инструмент для такого развития. Однако что зачастую наблюдается на практике? Учащимся предлагается задача, они знакомятся с ней и вместе с учителем анализируют условие и решают ее. Но из такой работы нельзя извлечь максимум пользы. Если дать эту задачу через несколько дней, то часть учащихся может вновь испытывать затруднения при решении. Наибольший эффект при этом может быть достигнут в результате применения различных форм работы над задачами:

1. Работа над решенной задачей. Многие учащиеся только после повторного анализа осознают план решения задачи;

2. Решение задач различными способами;

3. Правильно организованный способ анализа задачи — от вопроса или от данных к вопросу;

4. Представление ситуации, описанной в задаче (нарисовать «картинку»).

Учитель обращает внимание детей на детали, которые нужно обязательно представить а которые можно опустить. Моделирование ситуации с помощью чертежа, рисунка.

5. Самостоятельное составление задач учащимися. Составить задачу: используя слова: больше на, столько, сколько, меньше в, на столько больше,

на столько меньше; решаемую в 1, 2, 3 действия; по данному ее плану решения, действиям и ответу; по выражению;

6. Решение задач с недостающими данными;

7. Изменение вопроса задачи;

8. Составление различных выражений по данным задачи и объяснение, что означает то или иное выражение. Выбрать те выражения, которые являются ответом на вопрос задачи;

9. Объяснение готового решения задачи;

10. Использование приема сравнения задач и их решений;

11. Запись двух решений на доске — одного верного и другого неверного;

12. Изменение условия задачи так, чтобы задача решалась другим действием;

13. Закончить решение задачи;

14. Какой вопрос и какое действие лишнее в решении задачи (или, наоборот, восстановить пропущенный вопрос и действие в задаче);

15. Составление аналогичной задачи с измененными данными;

16. Решение обратных задач. Развитие функциональной грамотности на уроках математики в начальной школе в значительной мере зависит и от прочных вычислительных навыков. Их формирование я осуществляю, пользуясь следующим алгоритмом работы:

1. Обязательная подготовительная работа к выполнению вычислений на каждом уроке.

2. Создание настроения учащихся на вычисления при помощи форм и приемов



работы, активизирующих внимание учащихся, повышающих их желание получить правильный результат;

3. Соблюдение постепенного нарастания сложности в вычислениях.

Проверка полученного результата.

4. Контроль деятельности учащихся и анализ допущенных ими ошибок.

Обязательным условием данного алгоритма является его комплексное использование на каждом уроке. Для формирования вычислительных навыков очень важны устные упражнения. Внимание к устным упражнениям связано с тем, что они дают возможность охватить большой по объему материал за короткий промежуток времени. Устные упражнения позволяют судить об усвоении материала, готовности класса к изучению нового, помогают выявить ошибки учащихся. Во время устных упражнений учащиеся чаще получают возможность ответить. Устные упражнения, проводимые в начале урока, дисциплинируют учащихся, помогают быстро включиться в работу. Вот несколько примеров устных упражнений:

А) использование таблиц на любом этапе изучения каждой темы программы;

при изучении темы «Десяток» можно предложить следующие задания:

— назвать соседей числа из того или иного столбика (строчки);

— назвать число, которое на единицу меньше (больше) данного;

— сравнить два числа между собой;

— расположить числа в порядке возрастания или убывания;

— задания на сложение и вычитание:

сложите числа столбика 1 с числами столбика 2 или 3; аналогично на вычитание;

— дополнить до 10 каждое из чисел того или иного столбика. При изучении темы «Сотня» и «Сложение и вычитание в пределах 100» следующая таблица позволяет закрепить всевозможные случаи сложения и вычитания:

— прочитать число и объяснить, что обозначает каждая цифра в записи чисел;

— устанавливать, сколько единиц первого и второго разряда в каждом из чисел столбика (строки);

— представлять числа в виде суммы разрядных слагаемых;

— закреплять сложение вида $53+30$ и $53+3$, вычитание вида $53-20$ и $48-3$.

Б) работа с «магическими квадратами» заключается в следующем:

— сложи числа по строкам, по столбцам, с угла на угол;

— заполни пропуски в предложенном квадрате;

— преобразуй данный квадрат, составь подобный квадрат, увеличивая или уменьшая каждое число на несколько единиц;

В) круг для счета:

— счет по цепочке;

— составь свой пример;

— кто решил больше? (За определенное время)

— чей ряд быстрее?

В изучении школьного курса математики существуют объемные, достаточно однообразные, но одновременно базовые основополагающие темы.

Одной из них является изучение та-



блицы умножения однозначных чисел и соответствующих случаев деления на уровне автоматизированного навыка. Для того чтобы освоение таблицы было более успешным, используя различные приемы знаний:

- математические диктанты с использованием веера;
- перфокарты;
- карточки для парной работы (на одной стороне карточки записаны примеры, а на другой ответ; учащиеся по очереди проверяют друг друга);
- карточки для индивидуальной работы (ученик проверяет сам себя).

